



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 2 маусымдағы
№ 16-13-42 Д/С*

Құрметті депутаттар!

Ақмола облысының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге қатысты Сіздердің сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ақмола облысының Қорғалжын, Егіндікөл және Атбасар аудандарының елді мекендерінің тұрғындарын ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында 2020-2021 жылдары жалпы ұзындығы 16,5 км болатын 579,3 млн теңгеге 8 апатты су тарату учаскесі қайта жаңартылды.

Сонымен қатар, осы жұмыстарды жүргізгеннен кейін қосымша апаттық учаскелер анықталды.

Ағымдағы жылғы 24 мамырында Егіндікөл ауылында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияның кезектен тыс отырысы өткізілді.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша ағымдағы жылғы 2 маусымда су құбыры желілерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу процесін жеделдету үшін Егіндікөл ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланды.

Бүгінгі таңда Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті Нұра топтық су құбырын толық қайта құруды жүзеге асыру мақсатында жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуде, ол екі кезекке және 4 іске қосу кешеніне бөлінген.

Жобаны қаржыландыру мәселесі сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін қаралатын болады.

Жалпы, Ақмола облысының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету саласындағы мәселелер Үкімет пен Ақмола облысы әкімдігінің бақылауында.

Р. Скляр

*Орынд. М. Абдиев
Тел. 74-50-63*